

1-жаттығу. Сөйлемдердегі дефистің неге, қандай жағдайда қолданылғанын түсіндіріңдер. 1. Киіз үйлердің жанын да адамдар әңгіме-дүкен құрып отыр (Ш.А.). 2. Жидебайға қайтардың алдында Абай әкесінен көші-қон жайын сұрастырған (М.Ә.). 3. Ауыл үстінен қашқандарын иттер қуып, Бота қан бойы азан-қазан болды (М.Ә.). 4. Азын-аулақ қойлар мен төрт ті-бесті ірі қараның айналасында қатын-қалаш, кәрі-құртаң, ер-азамат көп-көптен келеді (М.Ә.). 5. Үлкен күміс қап сыр ма мен бір-ақ жерден түймелеген камзолының қынама белі желмен болымсыз тербеледі (Д.Ә.). 6. Ол – ашаң жүзді, мұрынды, жұмыр ақ саусақты Фан-Штейн еді (Ғ.М.). 7. Бала у-шу, малай қиқу, мал маңырап, ит жаң-жұқ (Ж.А.). 8. Жасыбай көлі сол таудың қойнауында қызылды-жасылды кәрден кесеге құйып қойған зәмзәм суындай мөп-мөлдір.

2-жаттығу. Сөйлемдердегі бас әріппен келетін сөздерді анықтап, жазылу себебін түсіндіріңдер.

1. аздан соң ербол абайлардан бөлініп, көл қайнарға қарай тартып кетті (М.Ә.). 2. қасым пішенбаев көмір тапқаннан кейін, ол баянауыл, қар қаралы жерлерін сонау балқашқа дейін иемденіп алады. 3. ұлы сібір темір жо лының салынуына бай ланысты XIX ға сырдың аяқ кезінде екібастұз көмірін пайдалану үшін «воскресен тау-кен акционерлік қоғамы» ұйымдасады. 4. павлодар қаласына таяу, ертістің сол жақ жағалауындағы воскресенская приста нына екібастұздан тар табанды теміржол тартыл ды да, сол жолмен екібатұз кө мірін деров ертіс арқылы омбыға тасытады (Ә.Нұрш.). 5. араб басқыншылығынан кейінгі кездегі қараханид кезеңінің тілдік ерекшеліктерін сипаттайтын жазба материалдарға жүсіп баласағұнның «құтадғу білік» атты поэмасы, махмұд қашқаридің « диуанилұғат-ат түрік» атты лингвистикалық еңбегі, ахмет иүгіне кидің «һи бат-уль-ха ка ик» атты еңбегі, қожа ахмет ясауидің шығармалары («хик ме ті») жатады (С.И.). 6. шығыстың классикалық әд биетінің қазақша еркін аудармалары, яғни шығыс сюжеттерін қайталап қазақша жырлаған туын дылар: «шахнаме», «ләйлі-мәж нүн», «жүсіп-зылиха», «фархад-шырын», «ескен дір», «мұңлық-зарлық», «сейфұл-мәлік», «бозжігіт», «шахмардан», «шәкір-шәкі рат» және т.б.

3-жаттығу. Тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп алып, сөйлем құраңдар. Шекшеката, қиын, айқас, А.Құнанбаев, ақуыз, мәдениет, дүние, айыл, әзіл, Ресей, Сәкен, ақылы, ҚазҰПУ, 5 метр, 2011 жыл, Ғ.Мұстафин, қияр, суыр, киіз, сояу, ағашаяқ, алабұта, ақыл-ес, ашықауыз, белағаш, бесаспап, биялай, буынаралық, кәусар, кейқуат, көкаяз, көзакы, ащыот, ПМУ, 21 кг, 9 т, спорт, ұн, бауырсақ, әлем.

4-жаттығу. Жақшаны ашып, сөздерді орфографиялық нормаға сай (бірге, бөлек, дефис арқылы) жазыңдар. Абыр (күбір), авиа (апат), авиа (зау ыт), авто (бекет), ав то (жол), ағайын (жегжат), ағаш (үй), ағаш (тарак), ағаш (көмір), адал (ақы), қалам (ақы), азу (тіс), айыл (тартпа), айыр (кө мей), ақ (бата), ақ (бидай), ақ (бөкен), ақ (желек), ақ (жол), алма (ағаш), алма (кезек),

арпа (бидай), арпа (шөп), ауыз (су), ау ыз (үй), ашық (хат), аэро (сурет), аэро (флот), әзіл (ажуа), әл де (бір), әр (кез), әр (қашан), әулие (әнбие), алмалы (салмалы).